29 қараша ноября

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ | ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ



БІЗДІҢ ҮН – ОТАН

4-БЕТ | РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Республика күні 25 қазан

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

28-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

№125
(5023)
Бейсенбі
22 қазан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астанада тұрғындардың өтініштерін Telegram мессенджеріндегі TazaQazBot чат-боты арқылы қабылдау және өңдеу жұмысы жүргізіледі.

Жыл басынан бері онлайн-платформаға 2227 өтінім түсіп, оның 1995-і орындалды, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Тұрғындардың өтініштерінің басым бөлігі аумақтарды абаттандыру, жарықтандыру, жолдарды жөндеу, көгалдандыру және рұқсат етілмеген қоқыс орындарын жою мәселелеріне қатысты. Өтінімдердің барлығы белгіленген мерзімде қаралады.

Цифрлық қызметтердің басты артықшылықтарының бірі – жұмыстың ашықтығы. Пайдаланушылар өтінімдерінің орындалу барысын әр кезеңде бақылап отыра алады. Жұмыс аяқталғаннан кейін оларға фотоесеп ұсынылып, қызмет сапасын бағалау мүмкіндігі беріледі.

Осылайша, TazaQazBot – тұрғындарға қолайлы қалалық орта қалыптастыруға көмектесетін тиімді құралға айналып отыр.



Республика күні мерекесі және демалыс күндері, 24, 25, 26 қазанда елордадағы CTS Орталық кассасы жұмыс істемейді.

Орталық касса 27 қазан, сейсенбіде кестеге сәйкес жұмысын жалғастырады. Мекенжайы: Р.Қошқарбаев даңғылы, 50/1. Жұмыс уақыты: сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін (соңғы талон сағат 17:45-ке беріледі), үзіліссіз.

ТАНЫМДЫ КЕҢЕЙТЕТІН ОРДАЛАР

Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында елордада екі Оқушылар сарайы ашылды. «TANYM ART» және «TANYM SPORT» деп аталатын көпфункционалды кешендерде балалардың шығармашылық, зияткерлік және спорттық әлеуетін дамыту үшін барлық жағдай жасалған.



САНСӘЙЛЕМ

ELORDA INFO

«Tarlan Astana»
11,5 МЛН жуық
жолаушы
тасымалдады

elordainfo.kz

24-25 ҚАЗАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Астанада Қарағанды және Қостанай облыстарының тауар өндірушілері қатысатын кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді. Іс-шара «Қазанат» ипподромының автотұрағында, Қарқаралы тасжолы, 1 мекенжайында өтеді. №18, 37 және 303 автобус бағыттары қатынайды. Жәрмеңке сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді.



№125 (5023) 22/10/2026 Бейсенбі

АҚОРДА



МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір режимінде Ақтоғай мыс балқыту зауытының құрылысын бастау рәсіміне қатысты. Президент салтанатты рәсімде сөз сөйлеп, Абай облысындағы Ақтоғай кен орнында салынатын мыс балқыту зауытын тұтас ел экономикасының өркендеуіне тың серпін беретін аса маңызды жобаның бірі деп атады.

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ

«Жалпы, тау-кен металлургиясы мемлекетіміз үшін стратегиялық маңызы зор сала екені белгілі. Мен былтыр халыққа Жолдауымда осы мәселеге арнайы тоқталдым, нақты міндеттерді айқындадым. Сондықтан жаңа зауыттың құрылысын осы бағытта істеліп жатқан белсенді жұмыстың нәтижесі деп айтуға болады. Баршаңызға мәлім, бүгінде Қазақстан дамудың даңғыл жолына түсіп, тарихи өрлеу дәуіріне сеніммен қадам басты. Біз біртұтас әрі жасампаз жұрт болып аса ауқымды реформаларды табысты жүзеге асырып жатырмыз. Ең бастысы, жарқын болашағымызға бағдар болатын Конституциямызды қабылдадық. Конституцияда ұлтымыздың мызғымас құндылықтары мен қағидаттары толық көрініс тапты. Азаматтардың әл-ауқатын арттыру стратегиялық міндет ретінде айқындалды. Осындай өндірістік жобалар, ең алдымен, еліміздің игілігін арттыруды көздейді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның көптеген пайдалы қазбаларға ие мемлекет ретінде осы табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға барлық күш-жігерін салып жатқанына назар аударды. Елімізде 9,5 мыңнан астам кен орны бар. Қазақстанда жылына шамамен 160 миллион тонна кен өндіріледі. 3,5 миллион тоннаға жуық мыс концентраты шығарылады.

«Жалпы, еліміздегі өңдеу өнеркәсібінің даму қарқыны жақсы деп айтуға болады. Былтыр өңдеу саласындағы жалпы өнім көлемі 60 миллиард долларға жетті. Соңғы үш жылда еліміздің барлық аймағында 540 индустриялық жоба іске қосылды. Соның арқасында 50 мың тұрақты жұмыс орны пайда болды. Бүгін де бәріміз тағы бір өндірістің басталуына куә болып отырмыз. Бұл – ел экономикасына серпін беретін маңызды оқиға. Жаңа кәсіпорын жылына 300 мың катодты мыс шығарады. Бұл ішкі нарықтың сұранысын толық қамтамасыз етуге жетеді. Осы зауыт іске қосылған соң Қазақстан жоғары сапалы тазартылған мыс өндіретін жетекші елдердің ондығына кіре алады. Бұдан бөлек, аталған кәсіпорында алтын және күкірт қышқылы өндірілмек. Бір сөзбен, бұл ауқымды жоба отандық металлургия саласының дамуына қомақты үлес қосатыны сөзсіз» деді Мемлекет басшысы.

1,8 МИЛЛИАРД ДОЛЛАР ИНВЕСТИЦИЯ САЛЫНАДЫ

Президент кәсіпорын акционерлерінің алдында өте маңызды міндеттер тұрғанын айтты.

«Әсіресе, жұмысшылардың заңды әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ету қажет. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты мәні де – осы. Үкімет, жергілікті билік өкілдері еңбек ұжымдарымен тығыз байланыс орнатып, белсенді жұмыс істеуі керек. Бұл жұмыс «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасына сәйкес жүргізілуге тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өнеркәсіп саласына цифрлық технология мен жасанды интеллектіні жаппай енгізу ісіне баса мән беруге шақырды. «Озық шешімдер кәсіпорынның өнімділігін арттырып, еңбек қауіпсіздігін күшейтуге, апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді. Жақында өткен AI & Digital Bridge форумында мен Үкіметтің алдына нақты міндет қойдым. Зауыт салу барысында осы мәселені ескерген жөн. Ең алдымен құрылыс жұмысын сапалы жүргізіп, уақтылы аяқтау қажет. Осы бірегей жобаны жүзеге асыруға белсене атсалысып жатқан барша азаматқа, қытайлық серіктестерімізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Ақтоғай мыс өңдеу кешені Қазақстанның өнеркәсіптегі әлеуетін арттыра түсуге зор үлес қосады деп сенемін» деп түйіндеді сөзін Президент.

Бұдан кейін Президент Ақтоғай мыс балқыту зауыты құрылысының ресми түрде басталуына рұқсат берді. Телекөпір барысында Абай облысының әкімі Берік Уәли, KAZ Minerals тобы директорлар кеңесінің төрағасы Олег Новачук, China Nonferrous Metal Mining Group директорлар кеңесінің төрағасы Вэнь Ган сөз сөйледі. Кәсіпорында кен байытудан бастап одан дайын металл шығаруға дейінгі толық өндірістік цикл қарастырылған. Кешен өзінің кен орнынан алған мыс концентратын өңдейді. Бұл шикізат көзін ғана қамтамасыз етіп қоймай, Қазақстанда шығарылатын өнімнің қосылған құнын арттыруға мүмкіндік береді. Жобаны KAZ Minerals тобы жүзеге асырады, ал қытайлық NFC компаниясы – инженерлік серіктес. Бастамаға шамамен 1,8 миллиард доллар инвестиция салынады, сондай-ақ оның аясында 1 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. 2030 жылы алғашқы мыс катодын алу жоспарланып отыр. Зауытта мыстан бөлек, алтын, күміс және басқа да ілеспе өнімдер шығарылады.



БЮДЖЕТКЕ 66,4 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асыловты қабылдады.Президент еліміздегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура органдарының басым бағыттар бойынша атқарған жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдады.

Бас прокурор криминогендік ахуалды бақылау, сондай-ақ қылмыстың алдын алу бағытында қабылданған шаралар жөнінде баяндады. Биылғы 9 айда қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 14,6 пайызға, соның ішінде қоғамдық орындардағы құқықбұзушылық 22,3 пайызға, көшедегі заңға қайшы әрекеттер 20,1 пайызға азайған. Құқық қорғау органдарымен және мүдделі құрылымдармен бірлесіп, интернет-алаяқтыққа, есірткі қылмысына және басқа да қауіпті қылмыс түрлеріне қарсы күрес бойынша жанжақты шаралар қабылданды. Мемлекет басшысына бүгінгі таңда жалпы сомасы 1,3 триллион теңге болатын активтер қайтарылғаны жөнінде баяндалды. Осы қаражат есебінен 466 әлеуметтік инфрақұрылымның құрылысы мен реконструкциясы қаржыландырылды, оның 378-і аяқталды. Атап айтқанда, алты облыста ірі медицина нысандары, Астана қаласында Қ.Мұңайтпасов атындағы футбол стадионы пайдалануға берілді. Сонымен қатар Балқаш, Павлодар және Арқалық әуежайларын жаңғырту жұмыстары аяқталды. Активтерді қайтару, экстрадициялау және қылмыс жасаған адамдарды беру мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық дамып келеді. Бас прокуратура 39 юрисдикциямен 92 екіжақты келісімге қол қойды. Қазақстанға 50 адам экстрадицияланды, ал шет мемлекеттерге 123 адам берілді.

Берік Асылов Мемлекет басшысының 2025 жылғы 17 желтоқсандағы Жарлығын орындау мақсатында инвесторларды қорғаудың жүйелі моделі жолға қойылғанын айтты. Жыл басынан бері 2886 инвесторға көмек көрсетілді. Прокурорлар 3,5 мың инвестициялық жобаның іске асуын қадағалап отыр. Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаны «Цифрлық қадағалау» жүйесімен интеграциялау түйткілді мәселелерді уақтылы анықтауға мүмкіндік береді. Бас прокурор баяндамасында аталып өткендей, әлеуметтік-экономикалық салада 413 мың азаматтың конституциялық құқы қалпына келтірілген. Соның ішінде 200 мыңнан астам жұмыскердің еңбек құқығы қорғалды. Еңбекақы бойынша 2,5 миллиард теңге, алимент бойынша 7,9 миллиард теңге берешек өндірілді. Прокурорлар мемлекет қаржысын жұмсау кезінде сомасы 535 миллиард теңге заң бұзушылыққа тосқауыл қойды. Бюджетке 66,4 миллиард теңге қайтарылды. Кездесу барысында «Заң мен тәртіп» идеологиясын, әсіресе, жастар арасында ілгерілету, сондай-ақ



ЖҰРТТЫ ЖҰМЫЛДЫРҒАН МАРАФОН

Астанада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаевтың төрағалығымен «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафонының барысына арналған кеңес өтті. Жиында марафонның аралық нәтижелері мен кітап оқуды кеңінен насихаттау бойынша алдағы шаралар талқыланды. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Марафон Қазақстан Республикасы Президентінің «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындау мақсатында өткізіліп келеді. Бүгінде жобаға 1,4 миллионнан астам адам қатысып жатыр. Олардың қатарында мектеп оқушылары, студенттер, педагогтер, отбасылар, еңбек ұжымдарының өкілдері, мемлекеттік қызметшілер мен шығармашылық зиялы қауым өкілдері бар. Барлық өңірде жобалық кеңселер құрылып, қазақ және орыс тілдеріндегі 345 әдеби шығармадан тұратын бірыңғай тізім жасалған. Сонымен қатар reading-nation.kz цифрлық платформасы жұмыс істейді.

Қатысушылар платформада оқыған кітаптары туралы пікірлерін жариялайды. Жарияланған пікір саны бойынша Ақтөбе облысы – 25 557, Солтүстік Қазақстан облысы 14 249 және Қызылорда облысы 14 037 пікірмен алда келеді. Солтүстік Қазақстан облысында тіркелген 20 мыңға жуық қатысушының 14 мыңнан астамы платформаға пікір жазған. Бұл өңірдегі қатысушылардың шамамен 75%-ын құрайды. Әлеуметтік желілерде оқылған шығармалар туралы 20 мыңнан астам бейнепікір жарияланған. Бұл көрсеткіш бойынша Астана қаласы мен Жамбыл облысы көш бастап тұр – елордада 3 мыңға жуық, Жамбыл облысында 1 699 жарияланым бар. Кеңесте өңір өкілдері оқырмандардың белсенділігін арттыру тәжірибесін бөлісті.

Ауылдық жерлерде кітап оқу мәдениетін дамытуға, кітаптардың көпшілікке қолжетімді болуына, сондай-ақ марафонға қоғам қайраткерлерін, бизнес өкілдері мен шығармашылық зиялы қауымды тартуға айрықша назар аударылды. Ұсыныстардың қатарында дүкендерде арнайы кітап сөрелерін орналастыру, жазушылармен кездесулер өткізу, әдеби шығармалар желісімен комикстер, кітаптарды таныстыратын трейлерлер мен қысқа бейнероликтер әзірлеу бар. Сондай-ақ «Kitap Talks» өңірлік медиажобасын іске қосып, «Kitap Quiz» зияткерлік ойындарын ұйымдастыру ұсынылды.

«Билет с книгой» бастамасы аясында мәдениет мекемелерінің электронды билеттері мен ақпараттық материалдарына марафон туралы мәлімет пен QR-кодтар орналастыру жоспарланып отыр. Кітап оқуды насихаттау үшін кітапханалардың, жоғары оқу орындарының, өңірлік креативті хабтар мен қоғамдық кеңістіктердің мүмкіндіктерін пайдалану ұсынылды. Бұл жұмыс ауылдар мен шалғай елді мекендерді де қамтуға тиіс.

№125 (5023) 22/10/2026 Бейсенбі



ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ КӨБЕЙДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елордада тағы екі мемлекеттік Оқушылар сарайы – «TANYM ART» және «TANYM SPORT» көпфункционалды кешендері ашылды. Олар балалардың шығармашылық, зияткерлік және спорттық әлеуетін дамытуға бағытталған.

Жалпы ауданы 12 мың 225 шаршы метрді құрайтын үш қабатты ғимараттардың әрқайсысында бассейн, спорт және концерт залдары, оқу кабинеттері, коворкинг-аймақтар және т.б. қарастырылған. Кешендерде STEM-технологиялар, техникалық және ғылыми шығармашылық, сол сияқты экологиялық-биологиялық бағыттар бойынша сабақтар өткізу жоспарланып отыр.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлеміз. Жыл сайын жаңа мектептер, балабақшалар мен Оқушылар сарайларын ашамыз. Бүгін ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновпен



және ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменовамен бірге Оқушылар сарайына бардық. Балалармен әңгімелесіп, орталықтың жұмысымен таныстық. Жаңа мемлекеттік кешендер елордадағы қосымша білім беру инфрақұрылымын кеңейтіп, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне және қабілеттерін дамытуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, әр кешенде 100-ден астам жұмыс орнын ашу көзделген. Осыған дейін қалада төрт Оқушылар сарайы ашылған болатын, олардың арасында жеке инвестициялар да қарастырылған. Бұл бағыттағы жұмысты әрі қарай жалғастырамыз, – деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

Іс-шараға белгілі спортшылар да қатысты. Олардың арасында дзюдодан әлем және Азия чемпионаттарының күміс жүлдегері Әбиба Әбужақынова, Париж Олимпиадасының қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев, бокстан Олимпиада ойындарының екі дүркін күміс жүлдегері Әділбек Ниязымбетов, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев және әлемнің екі дүркін чемпионы Санжар Ташкенбай бар.

«TANYM ART» кешені Сарыарқа ауданындағы Бейбарыс сұлтан көшесі, 15 мекенжайында орналасқан. Ал «TANYM SPORT» кешені Алматы ауданының Төлебаев көшесі, 3 мекенжайында ашылды.

ЖАСТАР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУДЫ ҚАЛАЙДЫ

Астанада жастар арасында нашақорлық пен есірткі қылмысының алдын алуға, құқықтық сауаттылықты арттыруға, есірткіге қарсы берік ұстаным қалыптастыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған «UPGRADE CAMP: ПЕРЕПРОШИВКА» көшпелі креативті нетворкинг-лагерінің ашылуы өтті.

Лагерьдің негізгі мақсаты – жастардың сыни ойлау қабілетін, көшбасшылық қасиеттерін және саналы шешім қабылдау дағдыларын дамыту. «Жобаның басты ерекшелігі – профилактикалық жұмысты заманауи интерактивті оқыту форматтарымен, креативті тәжірибелермен, командалық тапсырмалармен және сарапшылармен ашық пікір алмасумен ұштастыру» дейді ұйымдастырушылар.

– Бүгінгі шара қайта жаңғыру деп аталып отыр. Жастардың барынша салауатты өмірге бейім болуын, нашақорлыққа қарсы жұмыс жасауын басты назарда ұстай отырып, олардың есірткінің заңсыз айналымына тартылуының алдын алу, есірткі қылмыстарының құқықтық және әлеуметтік салдары туралы ақпараттандыру деңгейін арттыру болып табылады. Бүгінгі іс-шараға жүзден астам жастар қатысып отыр, – деді Астана жастары ресурстық орталығының мәдени ұйымдастырушысы Аружан Келдібай.

Салтанатты іс-шараға Қазақстан Республикасы ІІМ жанындағы Есірткі құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің, құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты.

«UPGRADE CAMP: ПЕРЕПРОШИВКА» жобасын іске асыру «Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілетуге, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алуға және елорда жастарының тұлғалық әрі зияткерлік дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЖИ

Елордадағы №5 «Ақбота» балабақшасында «Ақылды кітапхана: AI және ART әлемі» тақырыбында қалалық семинар өтті.

Сынақ алаңы аясында өтіп жатқан іс-шараның мақсаты – балалардың кітапқа деген қызығушылығын ерте жастан AI платформасы арқылы арттыруды көздейді.

Аталған семинарға қалалық 8 балабақшаның өкілдері қатысып, тәжірибе алмасты.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы кітап оқу екенін айтқан болатын. Осыған орай балабақшамызда балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жүріп жатыр. Астана қаласында кітапхана бойынша биыл қыркүйек айынан бастап эксперименттік алаң жүріп жатса, соның жалғасы ретінде бүгін өтіп жатқан семинар «Ақылды кітапхана: AI және ART әлемі» деп аталады. Бүгінгі семинарда балалар ертегімен ЖИ арқылы танысып, ертегідегі кейіпкермен тілдестіріп, тапсырмаларды орындап, одан кейін ертегіні өзінің түсінгені бойынша қиялымен суретте кескіндейді. Балалардың салған суретін ЖИ-мен тірілтіп, мультфильмге айналдырамыз. Бұл жаңа платформаны логопед, дефектолог, қазақ тілінің маманы, басқа да мамандар өз салалары бойынша пайдалана алады. Яғни, ЖИ-ді жетекші құрал ретінде қолдана алады» дейді №5 «Ақбота» балабақшасының меңгерушісі Мөлдір Жолбарысова.



Семинар ақылды кітапхананың ашылуымен басталды. Сондай-ақ жаңа AI платформаның мүмкіндіктері таныстырылды.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

29 қараша — МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

2026 жылғы 12 қазандағы № 17-н бұйрығына №1 қосымша

«Elorda Aqparat» ЖШС, «Astana Aqshamy», «Вечерняя Астана» газеттерінің және Elorda.info желілік басылымының меншік иесі ретінде, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 қазандағы № 1521 «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлығына сәйкес мәслихат депутаттарын кезектен тыс сайлау кезіндегі үгіт-насихат, баспа материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабарлайды.

МЕКЕМЕГЕ ЖОЛДАНАТЫН ЖАЗБАША ӨТІНІШТЕ МЫНАДАЙ МӘЛІМЕТТЕР КӨРСЕТІЛУІ ТИІС:

- Жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), сондай-ақ өтініш беруші сенім білдірілген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- Өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжаттар: кандидаттың (немесе сенім білдірілген тұлғаның) жеке басын куәландыратын құжат, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (немесе сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжат;
- Жоспарланған баспа алаңының көлемі мен жариялану мерзімі, үгіттік баспа материалының түрі көрсетілген өтініштің мазмұны; Кандидаттың немесе сенім білдірілген тұлғаның қолы.

Жазбаша өтініштерді қабылдау 2026 жылғы 1 қараша күні сағат 18.00-ден басталады және 2026 жылғы 27 қараша күні сағат 24.00-де аяқталады.

Үгіт-насихат материалдары мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Достық көшесі, 13, 222-кабинет.

Жарияланатын материалдарда олардың төленгені туралы ақпарат, материалдың шығарылуына жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері және ақпаратты ұсынған тұлғаның тегі көрсетілуі тиіс.

Баспа материалдарын орналастыру кезектілігін «Elorda Aqparat» ЖШС жазбаша өтініштердің келіп түсу ретіне қарай белгілейді.

Үгіттік материалдар «Elorda Aqparat» ЖШС-не газет жарық көретін күнге дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын модуль немесе мақала түрінде ұсынылуы және шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолымен расталуы тиіс.

Газеттің үгіт-насихат баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқығы бар, егер оларда конституциялық құрылысты күшпен өзгертуге үндеу, республиканың тұтастығын бұзуға бағытталған әрекеттерді насихаттау, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе рулық араздықты тудыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құралымдарды құруға үндеу немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер болған жағдайда.

Газет сондай-ақ кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін ақпарат қамтылған жағдайда материалды жариялаудан бас тартуға құқылы.

Осы хабарламада көрсетілген баспа алаңдарын ұсыну шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

БАСПА АЛАҢДАРЫН ҰСЫНУ ҮШІН ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ

Қызмет түрі:	Құны, ҚҚС-мен бірге
«Astana Aqshamy» және «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланымның 1 шаршы сантиметрін орналастыру құны (ҚҚС-пен бірге)	1 265 теңге
Жарияланымды astana-akshamy.kz және vechastana.kz сайттарында қайталап орналастыру құны (ҚҚС-пен бірге)	30 000 теңге
Жарияланымды Elorda.info желілік басылымында қайталап орналастыру құны (ҚҚС-пен бірге)	30 000 теңге
Тапсырыс беруші ұсынған мақаланы (2500 таңбаға дейін, бос орындарымен бірге) Elorda.info желілік басылымында орналастыру құны (ҚҚС-пен бірге)	40 000 теңге
Мақаланы жазу және оны (2500 таңбаға дейін, бос орындарымен бірге) Elorda.info желілік басылымында жариялау құны (ҚҚС-пен бірге)	80 000 теңге
Баннер:	
Баннер жоғарғы жағында 1000*90 pxl (1 тәулік)	8000 теңге
Баннер ортасында 1000*90 pxl (1 тәулік)	7000 теңге
Баннер шетінде 350*300 pxl (1 тәулік)	6000 теңге
Баннер астында 700*90 pxl (1 тәулік)	6000 теңге

Төлем «Elorda Aqparat» ЖШС ұсынған шот негізінде, шот берілген күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде жүргізіледі.

Төлем «Elorda Aqparat» ЖШС-нің тиісті шартта көрсетілген банктік деректемелері бойынша жүзеге асырылады.

«Elorda Aqparat» ЖШС директоры
О. СЫДЫҚБЕК

Байланыс телефоны: +7 778 240 35 10 Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Достық көшесі, 13. Жауапты тұлға: медиа менеджер Шырын Жұртыбекова.

№125 (5023) 22/10/2026 Бейсенбі



КӨК ТУДЫ ЖЕЛБІРЕТТІ

Елорданың Сарыарқа және Байқоңыр аудандарында Республика күні қарсаңында «Менің Қазақстаным!» патриоттық акциясы өтті. Бастама аясында екі ауданның көпқабатты тұрғын үйлерінің балкондары мен көшелеріне Қазақстанның 200-ден астам туы ілінді.

Бастаманы елордалық жастар, Сарыарқа және Байқоңыр аудандарының тұрғындары, сондай-ақ «Әділет» партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері қолдады. Қала тұрғындарының белсенді қатысуының арқасында Қазақстанның тулары тұрғын үйлер мен көшелерді безендіріп, ұлттық мереке қарсаңында ерекше көңіл күй сыйлады.

«Менің Қазақстаным!» челленджі жыл сайын өткізіліп, елорда тұрғындарын Отанға деген сүйіспеншілік пен мемлекеттік рәміздерге құрмет идеясы төңірегінде біріктіреді. Акцияға тұтас отбасылар қатысып, балкондарын Қазақстанның туымен безендіреді.

Еске салайық, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, азаматтар патриоттық сезімдерін білдіру үшін Мемлекеттік туды белгіленген орналастыру және пайдалану талаптарын сақтай отырып қолдануға құқылы.

ЕЛІМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕКТЕР

Астанада Республика күніне орай «Елім деп соққан жүрегім» атты рухани-патриоттық кеш өтті.



Іс-шараны Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мекемесі ұйымдастырды. Аталмыш мекеме басшысы Руслан Әлімбековтің айтуынша, кештің басты мақсаты – Республика күнінің тарихи маңызын түсіндіру, елге деген сүйіспеншілікті арттыру және мемлекеттік тілді үйренушілерді қазақ халқының мәдениетімен жақынырақ таныстыру.

Мерекелік концертте Қазақстанның халық әртісі Майра Ілиясова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Медет Салықов пен Клара Төленбаева, әнші Ибраһим Ескендір, дәстүрлі әнші Өзгеріс Шерікбай, «Алтын домбыра» өнер мектебінің өкілдері, «Асу» тобы және өзге де өнерпаздар өнер көрсетті. Сонымен қатар «Шабыт» қазақ ұлттық өнер университетінің актерлік мамандығында білім алып жүрген студенттер қазақ ақындарының отаншылдық рухтағы өлеңдерін оқыды.

Нұрдәулет КӘКІШТЕГІ

КҮЙ КҮМБІРЛЕП, ӘН ӘУЕЛЕДІ

Бас қалада Республика күніне орай ерекше музыкалық челлендж басталды. Мектеп мұғалімдері мен оқушылары туған жерге деген махаббатын әнмен жеткізіп, елге деген құрметін жүрекпен сезіндіретін ерекше челлендж ұйымдастырды.

«Атамекен» әнін орындау челленджіне 460 оқушы мен 20 мұғалім қатысып, бірлік пен ынтымақтың, отансүйгіштік пен патриотизмнің ерекше үлгісін көрсетті.

Әрбір әуеннен туған жерге деген сағыныш, әрбір сөзден Отанға деген сүйіспеншілік сезілді. Жас ұрпақ пен ұстаздардың бір арнада тоғысып, жүрек тербетер әнді бірге орындауы – елге деген құрметтің, рухани бірліктің айқын көрінісі.

Сонымен қатар, Астанада №2 Балалар өнер мектебінің 100-ден астам жас домбырашысы Республика күніне орай «Ер Тұран» күйін орындады. Музыкалық қойылым отансүйгіштікке тәрбиелеуге, ұлттық өнерді дәріптеуге және Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталған «Біздің үн – Отан» шығармашылық бейнежобасының бір бөлігі болды.

Шығармашылық бастама Астана қаласы Есіл ауданы әкімі аппаратының және қалалық Білім басқармасының қолдауымен іске асырылды.

Бейнежобаның сюжетіне домбыра сыныбында білім алатын украин және орыс ұлтының өкілдері – екі оқушының Отан туралы диалогы негіз болды. Жасөспірімдер туған жерге деген сүйіспеншілік, ортақ шаңырақтың қадір-қасиеті және Қазақстанда тұратын түрлі этнос өкілдерін бір арнаға тоғыстырған ортақ құндылықтар туралы ой бөлісті.

Өз өнерлері арқылы оқушылар ұлттық музыкалық мұраның байлығын және мәдени дәстүрлер сабақтастығын көрсетті.

Сонымен қатар, 20-ға жуық жас суретші шығармашылық туындылары арқылы Қазақстанға деген сүйіспеншіліктерін жеткізді. Олар өз картиналарында еліміздің көркем табиғатын, туған өлкенің сұлулығын, бейбіт өмір мен жарқын болашаққа деген сенімді бейнеледі.





БІЗДІҢ ҮН – ОТАН

Елордадағы №2 Өнер мектебінің оқушылары Республика күніне орай «Біздің үн – Отан» атты шығармашылық бейнежоба әзірледі. Жоба Отанға деген сүйіспеншілікті арттыруға, ұлттық өнерді дәріптеуге және ел бірлігін насихаттауға бағытталған.



Шығармашылық бастама Астана қаласы Есіл ауданы әкімінің аппараты мен қалалық Білім басқармасының қолдауымен іске асырылды. Бейнежобаның көркемдік желісінде домбыра сыныбында оқитын украин және орыс ұлтының екі оқушысы арасындағы Отан туралы диалог көрініс тапқан. Жасөспірімдер ортақ шаңырақтың қадірі, туған жерге деген құрмет және Қазақстанда өмір сүретін түрлі этнос өкілдерін біріктіретін ортақ құндылықтар туралы ой қозғайды.

Жобаның музыкалық бөлігінде №2 Өнер мектебінің 100-ден астам домбырашы оқушысы қазақ халқының ұлттық рухын, болмысы мен елдік мұратын айшықтайтын «Ер Тұран» күйін орындайды. Күйдің күмбірлеген үні арқылы жас өнерпаздар халқымыздың бай музыкалық мұрасын ұлықтап, ұлттық өнердің құдіретін көрсетеді.

Сонымен қатар 20-ға жуық жас суретші өз шығармалары арқылы Қазақстанға деген сүйіспеншілігін білдіреді. Олардың туындыларында еліміздің көркем табиғаты, туған жердің сұлулығы, бейбіт өмір және жарқын болашаққа деген сенім бейнеленген.

БІЛГІРЛЕР БӘСЕКЕСІ

Республика күні қарсаңында Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мемлекеттік және құрылымдық мекеме қызметшілер арасында «Қазақша Quiz» интеллектуалды сайысын ұйымдастырды.




Бұл сайыс елдегі Заң мен тәртіп қағидаты аясында ұйымдастырылды.

Іс-шараның басты мақсаты – мемлекеттік қызметшілер және оған теңестірілген, бағыныштұйымдар арасында заң, адалдық, мемлекеттік қызмет төңірегінде әртүрлі сұрақтар қойылып, командамен жарысты.

Сонымен қатар, Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бас маманы Жапсарбай Шыңғыс ой-пікір білдірді.

– «Қазақша Quiz» іс-шарасы – Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бастамасымен өткізілді. Бұл жарыс – Заң мен тәртіп қағидасының аясын кеңейту мақсатын діттеді. Білім мен біліктілік сынға түскен бәсекеге 17 команда қатысты. Әрбірінде 5 адамнан есептегенде, 90 қатысушы жұмылдырылды. Сондай-ақ жеңімпаздарға ақшалай сыйақы берілді. Өзге де қатысушыларға қазақ әдебиеті, қазақ тіліне байланысты кітаптар сыйға тартылды. Осылайша ой-зерделі шыңдаған, білімділікті танытатын сайыс, жоғары деңгейде өткізілді деп айтуға толық негіз бар, – деді ұйымдастырушы.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ







ИНКЛЮЗИВТІ ФЕСТИВАЛЬ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Балалар фест-2026» республикалық инклюзивті фестивалі өтті. Оған ерекше қажеттіліктері бар балалар, олардың ата-аналары, педагогтар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.





Екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған фестивальді Қазақстанның әйелдер күштері альянсының Астанадағы өкілдігі елордалық Білім басқармасының қолдауымен өткізді.

Қазіргі таңда Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар 235 мыңнан астам бала тұрады. Фестиваль олар үшін көпшілік іс-шараға қатысумен ғана шектелмей, жұрттың назарында болуына, сахнаға шығып, өз өнерін көрсетуіне және көрерменнің қолдауына ие болуына мүмкіндік берді.

Фестивальге 200-ден астам адам жиналды. Олардың қатарында 50-ге жуық бала, оқушылар, үкіметтік емес ұйымдардың, әлеуметтік жобалар мен бизнес өкілдері, шығармашылық ұжымдар және еріктілер бар.

Балалар үшін мазмұнды ойын-сауық бағдарламасы әзірленді. Қатысушыларды аниматорлар ойындар мен байқаулар ұйымдастырып қарсы алды. Сиқырлы трюктер мен көгершіндер қатысқан шоу балаларға ерекше көңіл күй сыйлады. Сондай-ақ қатысушылар гүл шоқтарын құрастыру және хош иістер жасау бойынша шығармашылық шеберлік сабақтарына қатысты. Бұдан бөлек, қонақтарға аквагрим, тәттілер мен шоколад фонтаны ұсынылды.

Бағдарламаның маңызды бөлігі – ерекше қажеттіліктері бар жас өнерпаздардың басын қосқан концерт. Бір сахнада мектептер мен оңалту орталықтарының өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар мен әлеуметтік жобаларға қатысатын балалар, әншілер, би және театр ұжымдары өнер көрсетті. Арнайы сән көрсетілімдері мен авторлық шығармашылық қойылымдар ұсынылды.

Фестивальдің басты қағидаларының бірі – балалардың тең дәрежеде қатысуы. Көптеген қатысушы үшін сахнаға шығу өз қабілетін танытуға, өзіне деген сенімін арттыруға және өзгелердің қолдауын сезінуге мүмкіндік берді.

Ұйымдастырушылар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған аналарға қолдау көрсетуге де көңіл бөлді. Фестиваль мұндай отбасыларға өздерінің жалғыз емес екенін, ал балаларының да жұрттың назары мен мейіріміне бөленіп, қабілетін дамытуға мүмкіндік алуы маңызды екенін көрсетті. Осындай бастамалар әр адамның ерекшелігін бағалайтын, оның қоғам өміріне араласу құқығын құрметтейтін ашық қоғам қалыптастыруға көмектеседі.

ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫН ТҮСІНДІРДІ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында бас қалада қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару қызметін көрсететін ұйымдардың жүргізушілері түсіндіру сабағына қатысты.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Іс-шараны Астана қаласы Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасы мен Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау басқармасы бірлесіп ұйымдастырды. Түсіндіру барысында Қазақстан Республикасының жол жүрісі қағидалары түсіндіріліп, бұрын орын алған жол-көлік оқиғаларының мән-жайы мен олардың алдын алу шаралары қарастырылды. Тұрғын үйлердің аулаларында арнайы көліктердің қауіпсіз қозғалысына, жаяу жүргіншілердің, балалар мен велосипедшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Мақсат – арнайы көлік жүргізушілерінің жауапкершілігін арттыру және жол-көлік оқиғаларының алдын алу.

№125 (5023) 22/10/2026 Бейсенбі

МҰХТАР ӘУЕЗОВ МҰРАСЫ ЗЕРДЕЛЕНДІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кітапханасында «Кітап оқитын ұлт» республикалық жобасы аясында «Мұхтар Әуезовтің мұрасы және әлемдік контекст» тақырыбында ашық диалог өтті.



Кездесудің басты мақсаты – Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау, оның ұлттық және әлемдік әдебиеттегі рөлін терең түсіну, сондай-ақ жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Іс-шарада алаштанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Жұмағұл және «Кітап оқитын ұлт» өңірлік жобалық кеңсесінің жетекшісі Жақсыбай Боранбаев негізгі спикерлер ретінде сөз сөйледі.

«Елордамызда кітап оқу марафонына қатысушылар саны 124751 адамға жетті. Бұл – көңіл қуантатын көрсеткіш. Дегенмен біз үшін қатысушылардың саны ғана емес, кітап оқудың олардың тұрақты әдетіне айналуы да маңызды. Марафонның басты мақсаты – 15 кітап оқумен шектелу емес, әр қатысушының келесі кітабын өз бетінше таңдап, кітап оқуды күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналуына ықпал ету. Кітап оқу білім мен ақпарат алудың ғана жолы емес. Ол адамның ой-өрісін кеңейтіп, ойлау қабілетін дамытады, өзге адамдардың тағдыры мен сезімдерін түсінуді үйретеді. Әсіресе Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына үңілу ұлттық болмысымызды, тарихымыз бен рухани құндылықтарымызды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазақ әдебиетін әлем әдебиеті аясында қарастыру ұлттық мұрамыздың жаһандық мәдени кеңістіктегі маңызын ұғынуға көмектеседі. Өз тарихын, әдебиеті мен мәдениетін терең білетін ұрпақ қана әлемдік өркениетпен тең дәрежеде диалог құра алады. Сондықтан біздің мақсатымыз – тек кітап оқитын емес, оқығанын ой елегінен өткізіп, алған білімін өмірде қолдана алатын саналы ұрпақ тәрбиелеу» деді Жақсыбай Боранбаев.

Ашық диалог барысында сарапшылар мен қатысушылар Мұхтар Әуезовтің шығармашылық жолын, оның «Алаш» зиялыларымен рухани байланысын, «Абай жолы» роман-эпопеясының әлем әдебиетіндегі айрықша маңызын және жазушы мұрасының XXI ғасырдағы өзектілігін талқылады.

Студенттер мен іс-шара қонақтары спикерлермен пікір алмасып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды. Өткен кездесу «Кітап оқитын ұлт» жобасының негізгі міндеттеріне сай келіп, ұлттық әдеби мұраны насихаттауға, кітап оқу мәдениетін дамытуға және жас ұрпақтың рухани-танымдық көкжиегін кеңейтуге ықпал етті.



АҒА БУЫННЫҢ АМАНАТЫ

Жуырда Астанадағы Ұлттық кітапханада ардагер спортшылардың бастамасымен жарық көрген «Өмір жолдары ұрпаққа өнеге» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Бұл жиын жай ғана жаңа кітаптың тұсауын кесу емес, ол ұрпақ сабақтастығының беріктігін көрсеткен, спорттың адам мен қоғам өміріндегі орнын жаңа қырынан пайымдатқан мағыналы кездесу болды.

Іс-шараны кітаптың жарыққа шығуына мұрындық болған «Ардагер» волейбол клубының президенті, спорт шебері, генерал-лейтенант Абай Тасболатов кіріспе сөзбен ашты. Салтанатқа ерекше шырай берген сәт – тоқсанның шыңына таяп қалған елордаңың абызы, ішкі істер саласының құрметті қызметкері, генерал Өмірзақ ағамыз Болсамбековтің клубтың 15 жылдығына орай берген ақ батасы. Тоқсанға таяған ақсақалдың батасы – сөзден бұрын өмірімен дәлелденген өсиет.

Жиында Қазақстан Республикасы Ардагерлер волейболы федерациясының президенті, генерал Әсет Әділхан, ішкі істер әскерлерінің құрметті ардагері, генерал Дәулет Салханов, «Қазақстан спорт ардагерлері одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Елсияр Қанағатов, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, ғалым Саят Игісінов, профессор Есен Омаров, бір кездері еліміздің спорт агенттігін басқарған спорт шебері, ғылым докторы Тастанбек Есентаев, ҚР Құрылтайы аппаратының жауапты қызметкері Талғат Мусаев және басқа да қонақтар құттықтау сөз сөйледі.

Жиынға армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледждің жас курсанттарының қатысуы ерекше мәнді. Ертеңгі Отан қорғаушылар өз көзімен көрді: генералдар мен ғалымдар, жасы сексенге таяған ағалар әлі де алаңға шығып, допқа ұмтылады. Мұндай кездесу жүз рет айтылған насихаттан артық әсер етеді. Ол курсанттардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, өмірге деген жауапкершілігін оятары сөзсіз.

Ерсұлтан БЕКТҰРҒАНОВ,
мемлекеттік қызмет ардагері

Кейін 1963 жылы шекара аз уақытқа ашылған тарихи сәтте атамекенге оралып, Нарынқол ауданының Текес ауылында мектеп босағасын аттады. Екі жылдан соң отбасы Алматы облысының Шелек өңіріне көшіп келеді. Осылайша, асқар Алатау бөктерінен басталған тағдыр жолы кейін сан тарау белесімен өріліп, Арқа өңіріне табан тірегенде, өзінің еңбекқор да парасатты болмысымен ел арасында «Сарыарқаның сары қызы» деген ардақты әрі ыстық атқа ие болды.

Сөз өнері мен ұлт руханиятының киелі өлкесіне алғаш қадам басқанда, қанатыңды қайырмай, ойыңды да, бойыңды да түзеп, арқаңнан қағатын тәлімгердің орны өзгеше. Мен үшін журналистикадағы томағамды сыпырған, кәсіби болмысымның қалыптасуына шамшырақ болған асыл жан – халықаралық деңгейдегі қаламгер, «Қазақстанның құрметті журналисі» Сағат Сыдыққызы Батырханова.

Сонау студенттік жылдардың отты шағы әлі күнге дейін көз алдымда... С.М.Киров атындағы (бүгінгі әл-Фараби атындағы) ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 3-курсын бітіріп, жазғы өндірістік практикамызды құрбым, бүгінде Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-драматург Роза Мұқанова екеуміз Қарағанды облыстық телерадио комитетінде жолдамамен бастаған едік. Роза облыстық телеарнаның тыныс-тіршілігіне араласты, ал менің еншіме радио бағыты тиді. Сол кезде маған жол көрсетіп, журналистік әліппесін ұсынған жетекшім Сағат Батырханова болғанын үнемі зор мақтанышпен айтып жүремін. Өзім де журналистің отбасында дүниеге келіп, сөз қадірін ұғынып өссем де, репортерлік сумканы арқалап жүріп материал жинауды, ұшқыр репортаж дайындап, радиозаметка жасауды, кейіпкермен сұхбат өрбітуді ғана емес, ең бастысы, адаммен адами тұрғыда тіл табысып, ішкі дүниеңнен айналаңа сәуле шаша білуді осы Сағат апамнан үйрендім.

Сағат апаймен ең алғашқы журналистік іссапарымыз Теміртау маңындағы пионерлер лагерінен басталып, кейін кеншілер өлкесі мен Арқа руханиятының сан қырлы тынысын ашатын бірнеше радиоматериалымыз эфирге шықты. Ал практикада жүрген бізді Қарағандының ең жақсы дәмханаларынан дәм татқызып, бірнеше рет дастарқанына шақырған бауырмалдығы, апалық аялы алақаны көңілімізде мәңгі ұмытылмас сәулелі естелік болып қалды. Сағат Сыдыққызының бүкіл болмысы мен азаматтық ұстанымы оның кәсіби еңбек жолымен біте қайнасып жатыр. Текті бабалардың өрлігін Арқаның кеңдігімен ұштастырған ол «Қазақстан-Қарағанды» ОТРК бас редакторы ретінде аймақтық ақпарат айдынында отты, салмақты материалдарымен дараланды. Одан кейінгі 1995-2012 жылдары «Азаттық» радиосының Прагадағы тілшісі болған шағы – ақиқат пен сөз бостандығының нағыз ақ алдаспанына айналған кезеңі. Халықаралық деңгейде қоғамның ең өткір де өзекті мәселелерін тайсалмай көтерген қайсарлығы үшін де ол «Кәсіпке адалдығы үшін» марапатына, «Алтын қобыз» сыйлығының «Алтын жолақ» аталымына және «Қазақстанның құрметті журналисі» куәлігіне әділ лайық деп танылды.

Сыртынан қарағанда сөзі нық, ісі ұқыпты, мінезі тік болғанымен, Сағат апай – адам жанын тереңнен сезетін мықты психолог, ұлттың жоқтаушысы, қазақтың намысқой қайраткер қызы, дос дегенде жүрегін жұлып бере алатын ерекше жомарт жан. Жезқазған өңіріндегі PR мен тележурналистиканың дамуына өлшеусіз үлес қосқан әріптесіміз, марқұм Базарбай Әлеуханұлы заңсыз жұмыстан құдаланғанда, облыс орталығы Қарағандыдан ақ сөзін айтып, Ерсін Мұсабеков бауырымызбен бірге араша түсіп, азаматтық пен әділдіктің үлгісін көрсеткенде де осы отты болмысы танылған еді. Биыл 40 жыл толатын Желтоқсан көтерілісі кезінде де заң орындарынан қанша теперіш көрсе де, еңсесін түсірмей, басын тік ұстаған Сағат апам – қазақтың нағыз күрескер қызы.

Сағат апам бұл күндері сүйікімді немерелерінің аяулы әжесі болып, отбасының берекесін кіргізіп отыр. Кейінгі жылдары С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының баспасөз хатшысы ретінде қара шаңырақтың рухани жетістіктерін қалың көрерменге жеткізіп, өнер мен журналистиканың алтын көпіріне айналғаны да оның парасат биігін аңғартады. Өзім үйдің тұңғышы болғандықтан ба, жақсы адамдарды «апалап», соларға қарап бойымды түзейтін әдетім бар еді. Ал Сағат апама қарап тек бойымды ғана емес, ойымды да түзеп келе жатқанымды мақтанышпен айтамын. Сізге ғасыр дидарын көруді жазсын!

Мақпал ОРЫНБЕТОВА,
Қазақстанның құрметті журналисі



КҮРЕСКЕР ҚЫЗ

1916 жылғы патша жарлығына қарсы тұрып, «жас боздақтарды майданның қара жұмысына бермейміз» деп қалың мыңғырған малын айдап, Іле өзенінен арғы бетке асып кеткен беделді, дәулетті байлар болған. Тағдырдың сан қилы тоғысымен апамыз арғы бетте, ҚХР топырағында дүниеге келді.

> Сыртынан қарағанда сөзі нық, ісі ұқыпты, мінезі тік болғанымен, Сағат апай – адам жанын тереңнен сезетін мықты психолог, ұлттың жоқтаушысы, қазақтың намысқой қайраткер қызы, дос дегенде жүрегін жұлып бере алатын ерекше жомарт жан

ШЫҒАРМА АРҚАУЫ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Елордада «Book Fest 2026» кітап фестивалі аясында белгілі журналист, жазушы Жадыра Шамұратовамен «Секундтар арасындағы шексіздік» атты авторлық кездесу өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жүздесу «Секундтар арасындағы шексіздік» деп бекерден-бекер аталмады. Биыл қаламгердің «Фолиант» баспасынан осы аттас кітабы жарық көрді. Оған 5 новелла, 3 хикаят және 3 әңгіме енген. Жазушы бұл шығармаларда құмар ойынның құрсауына түскен жандардың күйзелісі, ақша үшін жақынын мерт қылудан тайынбайтын адамдардың әрекеті және дамуында ауытқуы бар балалардың тағдыры жөнінде баяндап, қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерді қаламына арқау еткен.

Күнделікті өмірде кездесетін кейіпкерлердің басынан өткен оқиғалар мен олардың жан тебіренісін әдемі өрнектей білетін жазушының туындылары оқырманды бейжай қалдырмайды.

Жадыра Шамұратованың оқырмандар жылы қабылдаған бұл кітабымен қатар, «Сандық» атты кітабы да 2023 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрді. Іс-шараға жиналғандар авторға сұрақтар қойып, жазушының шығармашылығымен жақын танысып, «Фолиант» баспасы ұсынған сыйлықтарға ие болды.

ДҮЙСЕНБІ
26 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Үстірт иесі» деректі фильмі
6:05 «Көңіл толқыны»
7:00 «ТАҢШОЛПАН»
9:00 МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ
9:05 «Әнім сен едің...»
10:00 «Мелек» телехикаясы.
12:00 «VOICE OF TURAN». Концерт
13:45 МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ
13:50 «Апта» сараптамалық бағдарламасы.
14:30 «Ақорда»
14:50 «Томирис» к/ф
17:40 «РЕФОРМАЛАР УАҚЫТЫ»
18:00 «МЕЛЕК» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «Сағындырған әндер-ай!»
21:25 «СОҢҒЫ ХАТ» телехикаясы.
22:25 Көркем фильм
0:55 «Егемендік феномені» деректі фильмі
1:35 «Voice of Turan». Концерт
3:15 «Ақсауыт»
3:35 Әнұран
3:40 «Көңіл толқыны»
4:20 «Қарқынды құрылыс»
4:45 «Сезім толқыны» телехикаясы.

05:00 Телехикая. «Рауза»
06:00 «Отаным менің». Саят Медеуов
08:00 «Повелительница города сказок»
09:15 «Белка и Стрелка. Тайны космоса»
10:00 Телехикая. «Алданған тағдыр»
11:00 Кино. «Жақсылық»
13:00 «Демография роста»
13:30 Телехикая. «Рауза»
14:15 Тұсаукесер! Телехикая. «Ақ жеңге»
15:15 «Біздің елдің жігіттері». Досымжан Таңатаров
16:45 Тарихи кино. «Ұлы дала таңы» (Qazaqfilm)
19:00 Тұсаукесер! Телехикая. «Ақ жеңге»
20:00 Телехикая. «Келінжан»
21:00 Тұсаукесер! Телехикая. «Алданған тағдыр»
23:00 Кино «Ауылбайский участковый»
00:45 Телесериал «Чужие родные»

ASTANA TV

06.45 «Күлфи» телехикаясы
07.50 «Уздік әзілдер»
09.00 «Орхан» телехикаясы
10.25 Көркем фильм
12.20 Көркем фильм
14.10 «Musicom. Нұржан Құлшынбаев театры»
17.40 Юлдуз Усмановның концерті
20.00 «Қара гүл» телехикаясы
21.00 «Орхан» телехикаясы
22.00 «Жаралы жүрек» телехикаясы
23.00 «Күлфи» телехикаясы
00.30 «Ханзада Жумонг» телехикаясы

6:00 «МОЯ РОДНАЯ».
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11:05 «БАҚЫТ ДЕГЕН – СЕНІҢ БАЛА КҮНДЕРІҢ»
13:25 «В ПОИСКАХ СЧАСТЬЯ».
13:55 «ҰЗАҚ ЖАСАҒАНДАР СЫРЫ»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. ВОЗВРАЩЕНИЕ»
1:55 «ПОДКИДЫШ»
2:45 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:10 «KÖREMIZ-ШОУ»
4:15 «П@YTINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», концерт
8:40 «ПЛАМЯ ЖИЗНИ», турецкая драма
10:45 «МАЛАЙ», комедия
13:30 «БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ. РЕВАНШ»
16:15 «ПЛАМЯ ЖИЗНИ», турецкая драма
18:15 «ТОПТУН», детектив
20:30 «БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ. РЕВАНШ»
23:00 «АГЕНТЫ СПРАВЕДЛИВОСТИ»
1:00 «ТОПТУН», детектив
2:30 «АҢСАҒАН СӘБІ»
3:30 «ЗАКИРА», отандық телехикаясы
4:10 «КТК ҚОРЖЫНЫ»
5:10 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»

31

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «Өнер қырандары»
08:30 Мультсериал «Губка Боб»
09:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
09:30 Мультсериал «Черепашки-ниндзя»
10:10 «ҚалаOFF» телехикаясы
11:30 «Қорған» телехикаясы
12:10 «Конь Юлий и большие скачки»
14:00 «Доспехи Бога 2» (повтор)
16:40 КИНО.
20:20 «Великолепная семерка»
23:20 «Вспомнить всё»
01:30 «Влюбленное сердце»
03:50 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
04:00 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «What's up?»
04:50 «1001 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
05:00 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:20 «Күліп All» ойын-сауық бағдарламасы
05:40 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

7

4:40 «Бастық боламын» телехикая
5:20 Мерекелік концерт.
7:00 Любимое кино. «Пес Барбос», «Самогонщики»
7:40 «Доспехи бога: в поисках сокровищ» к/ф
10:10 «МОСКВА СЛЕЗАМ НЕ ВЕРИТ» к/ф
13:20 «Хотя бы кинода 4» к/ф
15:50 Телесериал.
18:00 Телесериал.
20:00 «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ» телесериал
22:10 «ДАЛЕКИЙ ГОРОД» телесериал
22:50 «ЖҰМБАҚ ҚЫЗ» к/ф
1:00 «Сен BOSSың» телехикая
2:10 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
3:20 Тазалық уақыты

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.20 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ARMANKIDS» (мультсериал, каз.)
09.10 «ALEXGAM» (мультсериал)
09.20 «АГЕНТ 203» (мультсериал)
10.30 «СОНИК В КИНО 3»
12.40 «КОТ В САПОГАХ: ПОСЛЕДНЕЕ ЖЕЛАНИЕ» (анимационный фильм)
14.40 «СМОКИНГ» (комедийный боевик, Джеки Чан, Дженнифер Лав Хьюитт)
16.50 «ДЖУМАНДЖИ: ЗОВ ДЖУНГЛЕЙ» (семейное фэнтэзи, Дуэйн Джонсон, Кевин Харт, Джек Блэк)
19.20 «ГЛАДИАТОР П» (исторический боевик, Пол Мескал, Дензел Вашингтон, Педро Паскаль)
22.00 «SHEKER. ПОСЛЕДНИЙ ШАНС»
00.00 «Қызық Live» (каз.)
01.20 Реалити-шоу «Жаңа казахи» (каз.)
02.30 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.30 «INSTA TV» (каз.)
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ
27 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

5:30 ӘНҰРАН
6:05 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
7:00 «ТАҢШОЛПАН»
9:00 «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР»
10:10 «МЕЛЕК» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
14:15 «ТАҢБАЛЫ АЛТАЙ»
14:55 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
15:55 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ТОК-ШОУЫ. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:00 «МЕЛЕК» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУЫ.
21:25 «СОҢҒЫ ХАТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
22:25 «ҚАУІП ШЕГІНДЕ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
23:20 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
0:10 АҚПАРАТ
0:40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
1:35 «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
2:25 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
3:15 «АҚСАУЫТ»
3:35 «ТАҢБАЛЫ АЛТАЙ» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ
4:00 «АШЫҚ АЛАҢ»
4:45 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.

05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «РАУЗА»
06:00 «БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ».
08:00 «ОЯН!»
10:00 «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР»
12:00 «ОЙНАIQ»
13:00 «ӨЗЕКТІ»
13:30 ТЕЛЕХИКАЯ. «РАУЗА»
14:15 ТЕЛЕХИКАЯ. «АҚ ЖЕҢГЕ»
15:15 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН»
16:00 «АУЫЛБАЙСКИЙ УЧАСТКОВЫЙ»
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «АҚ ЖЕҢГЕ»
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН»
21:00 «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР»
23:00 ТҰСАУКЕСЕР! «ӘЗІЛ БӘЙГЕ»
00:10 ПРЕМЬЕРА! ТЕЛЕСЕРИАЛ «ЛОВУШКА»
01:10 ТЕЛЕСЕРИАЛ «ЧУЖИЕ РОДНЫЕ»

ASTANA TV

06.45 «Күлфи» телехикаясы
07.50 «Қара гүл» телехикаясы
09.00 «Орхан» телехикаясы
10.25 «Уздік әзілдер»
11.30 Көркем фильм
13.30 «Зу-зу Күлпәш» телехикаясы
15.00 «Новая экономика»
15.20 «Алау» телехикаясы
17.00 «Дон И» телехикаясы
18.20 «Сәлем, Дана!» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Қара гүл» телехикаясы
21.00 «Орхан» телехикаясы
22.00 «Жаралы жүрек» телехикаясы
23.00 «Күлфи» телехикаясы
00.10 «Дон И» телехикаясы
01.10 «Ханзада Жумонг» телехикаясы

6:00 «МОЯ РОДНАЯ».
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
12:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
13:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ.
1:55 «ПОДКИДЫШ»
3:10 «KÖREMIZ-ШОУ»
4:15 «П@YTINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:35 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:40 «ПЛАМЯ ЖИЗНИ», турецкая драма
11:00 «АГЕНТЫ СПРАВЕДЛИВОСТИ»
13:30 «БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ. РЕВАНШ»
16:15 «ПЛАМЯ ЖИЗНИ», турецкая драма
18:15 «ТОПТУН», детектив
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ. РЕВАНШ»
0:10 «АГЕНТЫ СПРАВЕДЛИВОСТИ»
